

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
Ғұмарбек Дәукеев атындағы  
**АЛМАТЫ ЭНЕРГЕТИКА  
ЖӘНЕ БАЙЛАНЫС  
УНИВЕРСИТЕТИ**  
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС  
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ



РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН  
**АЛМАТИНСКИЙ  
УНИВЕРСИТЕТ  
ЭНЕРГЕТИКИ И СВЯЗИ**  
имени Гумарбека Даукеева  
НЕКОММЕРЧЕСКОЕ  
АКЦИОНЕРНОЕ ОБЩЕСТВО

050013, Алматы қ., Байтұрсынұлы к-сі, 126/1  
тел.: 8 727 292 57 40, факс: 8 727 292 50 57  
e-mail: aues@aues.kz

050013, г.Алматы, ул.Байтұрсынұлы, 126/1  
тел.: 8 727 292 57 40, факс: 8 727 292 50 57  
e-mail: aues@aues.kz

**ХАТТАМА**

«20» сезан 2021 ж./г.

**ПРОТОКОЛ**

№ 8

АЭЖБУ Бітірушілер қауымдастығы Қамқоршылар кеңесінің отырысы Алматы қ.

**Қамқоршылар кеңесінің отырысы өткізілетін орын:** Алматы қ., Байтұрсынұлы к-сі, 126/1, «Ғұмарбек Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университеті» коммерциялық емес АҚ «А» ғимараты, 213 кеңсе.

**Қамқоршылар кеңесінің отырысын өткізу күні мен уақыты:** 2021 жылғы 20 қазан, сағат 15:00-де.

Қамқоршылар кеңесі мүшелерінің саны – 18 адам.

Қатысқандар – дауыс беру құқығы бар Қамқоршылар кеңесінің 9 мүшесі.

Қамқоршылар кеңесінің төрағасы Аскар Жежекович Искаков күн тәртібін баяндады. Кворум бар.

**КҮН ТӘРТІБІНДЕ:**

1. Қамқоршылар кеңесінің сандық құрамын өзгерту және жаңа мүшелерін бекіту. Баяндамашы ҚК төрағасы А.К. Искаков.

2. Қамқоршылар кеңесі отырысының 2021/22 оқу жылына арналған жоспарын бекіту. Баяндамашы ҚК төрағасы А.К. Искаков.

3. Бітірушілер қауымдастығы қорының шотындағы ақша қаражатының сомасы туралы ақпарат. Баяндамашы ҚК жауапты хатшысы Г.С. Смагулова

4. Студенттерге берілетін атаулы стипендияларды қарастыру және бекіту. Баяндамашы ЭЭИ директоры Ж.С. Абдимуратов.

5. Әртүрлі.

5-1. Ғылым және коммерцияландыру департаментінің қызметтік жазбасы.

5-2. Электр энергетика және электр техника институтының қызметтік жазбасы.

5-3. МВА таныстырылымы. Біліктілікті арттыру институтының директоры Р.К. Сатова.

000340



5-4. Таныстырылым. Энергетикалық жүйелер кафедрасының меңгерушісі Е.К. Умбеткулов.

**1. «Қамқоршылар кеңесінің сандық құрамын өзгерту және ҚК құрамын бекіту» мәселесі бойынша**

Осы мәселе бойынша Қамқоршылар кеңесінің төрағасы Аскар Кежекович Искаков сөз сөйлеп, Бітірушілер қауымдастығы еріктілік, өзін-өзі басқару, заңдылық және жариялылық негізінде жұмыс істейтінін хабарлады.

Қамқоршылар кеңесінің құрамынан келесі мүшелерді шығару ұсынылады:

1. Еркебулан Сайдуллаевич Ильясов, «Alageum Electric» АҚ Басқарма төрағасы өз еркі бойынша;
2. Аманжол Курманалиевич Турлыбеков, «Энергия» Қаз ОЭЖҒЗЖИИ АҚ коммерциялық директоры, өз еркі бойынша.

Талқылаудан кейін мәселе дауысқа салынады:

Дауыс беру нәтижелері: қолдағандар – 9, қарсы – жоқ, қалыс қалған – жоқ.

**ШЕШТІ:**

Қамқоршылар кеңесінің құрамынан Е.С. Ильясов, А.К. Турлыбеков шығарылсын.

Қамқоршылар кеңесінің құрамына келесі кандидатураны енгізу ұсынылады:

Мади Шингисханович Агыбаев, «RIZA GLOBAL» ЖШС техникалық директоры;  
Кандидаттың түйіндемесі қоса берілді.

Талқылаудан кейін мәселе дауысқа салынады:

Дауыс беру нәтижелері: қолдағандар – 9, қарсы – жоқ, қалыс қалған – жоқ.

Ашық дауыс беру нәтижесі бойынша Мади Шингисханович Агыбаев, «RIZA GLOBAL» ЖШС техникалық директоры АЭЖБУ Қамқоршылар кеңесінің мүшесі болып бекітіледі.

**2. «Қамқоршылар кеңесі отырысының 2021/22 оқу жылына арналған жоспарын бекіту» мәселесі бойынша**

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша Қамқоршылар кеңесінің төрағасы Аскар Кежекович Искаков сөз сөйлеп, Кеңестің жаңа оқу жылында 3 отырыс өткізуді жоспарлап отырғанын хабарлады.

**АЭЖБУ Бітірушілер қауымдастығының Қамқоршылар кеңесі отырысының 2021/22 оқу жылына арналған ЖОСПАРЫ**

№ р/с	Қарастырылатын мәселелер	Баяндама шы	Мәселені және шешім жобасын
----------	--------------------------	----------------	--------------------------------

			дайындауға жауаптылар
<b>№ 1 ОТЫРЫС 2021 ж. ҚАЗАН-ҚАРАША</b>			
1.	Қамқоршылар кеңесінің сандық құрамын қарастыру және жаңа мүшелерін бекіту		Институт директорлары, Г.С. Смагулова
2.	Қамқоршылар кеңесінің 2021/22 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын бекіту		Институт директорлары, Г.С. Смагулова
3.	Қамқоршылар Кеңесі отырысының 2021/22 оқу жылына арналған жоспарын бекіту		Институт директорлары, Г.С. Смагулова
4.	Бітірушілер қауымдастығы қорының шотындағы ақша қаражатының сомасы туралы ақпарат		Г.С. Смагулова
5.	2021/22 оқу жылына жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар қатарындағы студенттерге материалдық көмек сомасын қарау және бекіту		Институт директорлары, Г.С. Смагулова
6.	2021/22 оқу жылына конкурстық негізде аз қамтылған отбасылардан шыққан мұқтаж студенттерге атаулы стипендияларды қарау және бекіту		Институт директорлары, Г.С. Смагулова
<b>№ 2 ОТЫРЫС 2022 ж. ҚАҢТАР- НАУРЫЗ</b>			
7.	Даңқ залын ашу, техникалық тапсырманы, жоба макетін, шығындар сметасын әзірлеу, құжаттар мен экспонаттарды жинау, косметикалық жөндеу және т. б.		Проректорлар, Институт директорлары, Маркетинг департаменті, Г.С. Рахметова, Г.С. Смагулова



8.	АЭЖБУ түлектерінің басшылығындағы ұйымдармен, мекемелермен өзара тиімді бірлескен шарттар жасасу		Институт директорлары, Г.С. Смагулова
9.	Кадрларға тапсырыс беруші кәсіпорындардың, әріптестердің қатысуымен университеттің жаңа білім беру бағдарламаларын және жетілдіру перспективаларын қарау		Бітіртуші кафедралардың меңгерушілері, АМД директоры
10.	АЭЖБУ түлектерін кейіннен жұмысқа орналастыра отырып, практикадан өту мақсатында кәсіпорындар мен ұйымдардың жас мамандарға қажеттілігін бақылау		Институт директорлары, Г.С. Смагулова
<b>№ 3 ОТЫРЫС 2022 ж. МАМЫР - ШІЛДЕ</b>			
11.	Қамқоршылар кеңесінің 2021/22 оқу жылындағы қызметінің қорытындылары туралы		Г.С. Рахметова Г.С. Смагулова
12.	Өткен 2021/22 оқу жылында Қауымдастық қорын құру және Қор қаражатын жұмсау туралы.		Г.С. Рахметова Г.С. Смагулова

### ШЕШТІ:

Қамқоршылар кеңесі отырысының 2021/22 оқу жылына арналған жоспары бекітілсін,

Дауыс беру нәтижелері: қолдағандар – 9, қарсы – жоқ, қалыс қалған – жоқ.

### 3. Бітірушілер қауымдастығы қорының шотындағы ақша қаражатының сомасы туралы ақпарат

Осы мәселе бойынша АЭЖБУ Қамқоршылар кеңесінің жауапты хатшысы Галия Сериковна Смагулова сөз сөйледі, ол 2021 жылғы 20 қазандағы жағдай бойынша Бітірушілер қауымдастығы қорының жалпы сомасы 3 600 000 құрайды, оның ішінде: өткен оқу жылынан қалғаны – 600 000, бұл заңды тұлғалардың мүшелік жарналары:

Қазақстандық салалық энергетиктер кәсіподағы – 100 000 теңге, «Степногорск энергокешені» ЖШС – 200 000 теңге, «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ – 100 000 теңге.

**Жеке тұлғалардың мүшелік жарналары:**

Айдар Чарлизович Беркимбаев – 100 000 теңге, Серик Суйинбекович Тютөбаев – 100 000 теңге.

**Заңды тұлғалардың атаулы стипендиясына демеушілік көмек:**

«Степногорск Энергокешені» – 300 000 теңге, Қазақстандық салалық энергетиктер кәсіподағы – 300 000 теңге,

Жеке тұлғалардан: Калиев Серик Ахметович – 100 000 теңге, Аскар Жежекович Искаков – 250 000 теңге, Жаймухан Максұтович Медетов – 250 000 теңге, А.А. Кибарин – 250 000 теңге, С.Ж. Даукей – 250 000 теңге, Гульнар Батжановна Исабекова – 300 000 теңге, Омирузак Кенжебекович Кенжебеков – 1 000 000 теңге.

ҚР БҒМ бакалаврлар үшін мемлекеттік стипендия мөлшерін айына 30 000 теңгеге дейін ұлғайтқанын атап өткім келеді, біз айына 25 000 теңге мөлшерін анықтадық.

Енді бұл қаражатты атаулы стипендияға ұсынылған кандидатуралар арасында бөлу керек.

Кеңес **ШЕШТІ**: ақпарат мәліметке алынсын.

**4. «Компаниядан мұқтаж студенттерге атаулы стипендияларды қарастыру және бекіту» мәселесі бойынша**

Осы мәселе бойынша Электр энергетика және электр техника институтының директоры Жубаныш Суйнуллаевич Абдимуратов сөз сөйлеп, бүгінгі күні 10 атаулы стипендия берілгенін атап өтті.

Стипендияның ай сайынғы мөлшері 25 000 теңге. Институттарданкелесі студенттердің кандидатуралары ұсынылады:

**Электр энергетика және электр техника институты келесі студенттерді атаулы стипендияға конкурстық іріктеу арқылы ұсынады:**

1. Рахман Дижан Бауыржанұлы ЭЭу-19-10 тобы, 6В07101 – Электр энергетикасы білім беру бағдарламасының 3-курс студенті, толық төлем негізінде оқиды, әлеуметтік жағдайы – жетім, GPA– 2.35. «Степногорск Энергокешені» ЖШС бас директоры Алтынбек Тулеугалиевич Каршегенов аталған студентке атаулы стипендия төлеуді жалғастырады.

2. Бақытжан Сұлтанұлы Абдуали ЭЭк-20-6 тобы, 6В07101 – Электр энергетикасы білім беру бағдарламасының 2-курс студенті, мемлекеттік грантта оқиды, әлеуметтік жағдайы – жетім, GPA – 2.47. АЭЖБУ Қамқоршылар кеңесінің төрағасы, «ZHERSU» ИӨК Бақылау Кеңесі Төрағасының кеңесшісі / Даму



бойынша Басқарма Төрағасының орынбасары Аскар Кежекович Искаков аталған студентке атаулы стипендия төлеуді жалғастырады.

3. Ермухамет Нуржанұлы Қусайн ЭСХ-18-3 тобы, 5В071800-Электр энергетикасы білім беру бағдарламасының 4-курс студенті, мемлекеттік грантта оқиды, әлеуметтік жағдайы – жетім, оқу кезеңіндегі орташа балл GPA – 2.68 құрайды.

4. Қажымұқан Оңғарбайұлы Оразбай ЭЭк-20-2 тобы, 6В07101 – Электр энергетикасы білім беру бағдарламасының 2-курс студенті, мемлекеттік грантта оқиды, әлеуметтік жағдайы – жетім, GPA – 1.71 құрайды.

**Жылу энергетика және басқару жүйелері институты** келесі студенттерді атаулы стипендияға конкурстық іріктеу арқылы ұсынады:

1. Әділет Әзімбекұлы Қожатай, АУк-20-3 тобы, 6В07108 – «Автоматтандыру және басқару» білім беру бағдарламасының 2-курс студенті, мемлекеттік грантта оқиды, әлеуметтік жағдайы – жетім, оқу кезеңіндегі орташа балл GPA – 3,21 құрайды;

2. Шұғыла Даниярқызы Рахимова, ТЭк-21-2 тобы, 6В07103 – «Жылу энергетикасы» білім беру бағдарламасының 1-курс студенті, мемлекеттік грантта оқиды, әлеуметтік жағдайы – жетім, ҰБТ – 60 балл;

3. Нұрхан Дарханұлы Бозтаев, БЖДк-21-1 тобы, 6В11201 – «Тіршілік қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау» білім беру бағдарламасының 1-курс студенті, мемлекеттік грантта оқиды, әлеуметтік жағдайы – жетім, ҰБТ – 65 балл;

**Ақпараттық технологиялар институты** келесі студенттерді атаулы стипендияға конкурстық іріктеу арқылы ұсынады:

1. Қанат Бағдатұлы Ахансері, ИСк-21-3 тобы, 6В06102 – «Ақпараттық жүйелер» білім беру бағдарламасының 1-курс студенті, мемлекеттік грантта оқиды, әлеуметтік жағдайы – жетім, ҰБТ – 62 балл;

2. Жаннат Қанатқызы Қозымет, ИСк-21-3 тобы, 6В06102 – «Ақпараттық жүйелер» білім беру бағдарламасының 1-курс студенті, мемлекеттік грантта оқиды, әлеуметтік жағдайы – жетім, ҰБТ – 64 балл;

3. Айдар Айдарович Тажиметов, ИСк-20-3 тобы, 6В06102 – «Ақпараттық жүйелер» білім беру бағдарламасының 2-курс студенті, мемлекеттік грантта оқиды, әлеуметтік жағдайы – жетім, GPA – 2,72;

4. Ерболат Бахтиярұлы Абдуали, ИСк-20-4 тобы, 6В06102 – «Ақпараттық жүйелер» білім беру бағдарламасының 2-курс студенті, мемлекеттік грантта оқиды, әлеуметтік жағдайы – жетім, GPA – 3,05;

5. Асылбек Әділсарыұлы Әділсары, СИБк-18-1 тобы, 5В100200 – «Ақпараттық қауіпсіздік жүйелері» білім беру бағдарламасының 4-курс студенті, мемлекеттік грантта оқиды, әлеуметтік жағдайы – жетім, Оқу кезеңіндегі орташа балл GPA - 3,91 құрайды.

6. Фарход Азимжон угли Орзимбаев, СИБк-19-1 тобы, 5В100200 – «Ақпараттық қауіпсіздік жүйелері» білім беру бағдарламасының 3-курс студенті, мемлекеттік грантта оқиды, әлеуметтік жағдайы – жетім, Оқу кезеңіндегі орташа балл GPA – 2,33 құрайды.



7. Сая Саматқызы Алтымбаева, ИНФк-18-1 тобы, 5В060200 – «Информатика» мамандығының 4-курс студенті, мемлекеттік грантта оқиды. Бала кезінен екінші топтағы мүгедек. Оқу кезеңіндегі орташа балл GPA – 2,86 құрайды.

8. Ақпараттық технологиялар институтының АҚЖ 2-курс студенті Әділ Дулатұлы Калиевке Серикбек Жусупбекович Даукей атаулы шәкіртақыны төлеуді жалғастырады.

**Телекоммуникация және ғарыштық инженерия институты** келесі студенттерді атаулы стипендияға конкурстық іріктеу арқылы ұсынады:

1. Гүлжан Жанғалиқызы Жолдасбек, КТТк-21-2 тобы, 6В07111 – «Ғарыштық техника және технологиялар» білім беру бағдарламасының 1-курс студенті, мемлекеттік грантта оқиды, әлеуметтік жағдайы – қамқорлықта, ҰБТ – 71 балл.

2. Дамир Ринатович Хамаров, КТТк-21-3 тобы, 6В07111 – «Ғарыштық техника және технологиялар» білім беру бағдарламасының 1-курс студенті, мемлекеттік грантта оқиды, әлеуметтік жағдайы – қамқорлықта, ҰБТ – 65 балл.

3. Аружан Байғалиқызы Ерболатова, РЭТк-19-3 тобы, 6В06201 – «Радиотехника, электроника және телекоммуникация» білім беру бағдарламасының 3-курс студенті, мемлекеттік грантта оқиды, әлеуметтік жағдайы – қамқорлықта, оқу кезеңіндегі орташа балл GPA – 3,24 құрайды. «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ Техникалық шарттар басқармасының бастығы Гульнар Батжановна Исабекова аталған студентке атаулы шәкіртақыны төлеуді жалғастырады.

4. Үсенұлы Берік Әділет, ПСк-20-7 тобы, 6В07109 – «Аспап жасау» білім беру бағдарламасының 2-курс студенті, мемлекеттік грантта оқиды, әлеуметтік жағдайы – қамқорлықта, оқу кезеңіндегі орташа балл GPA – 2,26 құрайды.

Талқылаудан кейін Кеңес **ШЕШТІ:**

Атаулы шәкіртақыны тағайындау тек әлеуметтік мәртебесі бойынша ғана емес, студенттің GPA үлгерімінің басымдылығы бойынша да берілсін. Бірінші курс студенттері бірінші сессияны тапсырғаннан кейін қаралсын, көбі оқудан шығарылып жатады. Мамандықтарын таңдай алмай жатады.

Келесі студенттерге 25 000 (жиырма бес мың) теңге мөлшерінде ай сайынғы шәкіртақы төлеу бекітілсін:

1. «Степногорск Энергокөшені» ЖШС бас директоры Алтынбек Тулеугалиевич Каршегеновтың атаулы стипендиясы ЭЭу-19-10 тобының, 6В07101 – «Электр энергетикасы» білім беру бағдарламасының 3-курс студенті Дижан Бауыржанұлы Рахманға;

2. АЭЖБУ Қамқоршылар кеңесінің төрағасы, «ZHERSU» ИӨК Бақылау Кеңесі Төрағасының кеңесшісі / Даму бойынша Басқарма Төрағасының орынбасары Аскар Жежекович Искаковтың атаулы стипендиясы ЭЭк-20-6 тобының, 6В07101 – Электр энергетикасы білім беру бағдарламасының 2-курс студенті Бақытжан Сұлтанұлы Абдуалиге;



3. Крипторейдер Өмірұзақ Кенжебекұлы Кенжебековтың атаулы стипендиясы ЭСХ-18-3 тобының, 5В071800 – Электр энергетикасы білім беру бағдарламасының 4-курс студенті Ермухамет Нуржанұлы Кусайнға;

4. Крипторейдер Өмірұзақ Кенжебекұлы Кенжебековтың атаулы стипендиясы АУк-20-3 тобының, 6В07108 – «Автоматтандыру және басқару» білім беру бағдарламасының 2-курс студенті Әділет Өзімбекұлы Қожатайға;

5. Крипторейдер Өмірұзақ Кенжебекұлы Кенжебековтың атаулы стипендиясы ИСк-20-4 тобының, 6В06102 – «Ақпараттық жүйелер» білім беру бағдарламасының 2-курс студенті Ерболат Бахтиярұлы Абдуалиге;

6. Крипторейдер Өмірұзақ Кенжебекұлы Кенжебековтың атаулы стипендиясы СИБк-18-1 тобының, 5В100200 – Ақпараттық қауіпсіздік жүйелері мамандығының 4-курс студенті Асылбек Әділсарыұлы Әділсарыға;

7. «Қазэнергокәсіподағы» ҚБ төрағасы Оразбек Тельбайұлы Бекбастың атаулы стипендиясы ИНФк-18-1 тобының, 5В060200 – «Информатика» мамандығының 4-курс студенті Сая Саматқызы Алтымбаеваға;

8. «АЭЖБУ» КеАҚ Директорлар кеңесінің төрағасы Серикбек Жусупбекович Даукейдің атаулы стипендиясы Ақпараттық технологиялар институтының АҚЖ 2-курс студенті Әділ Дулатұлы Калиевке;

9. «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ Техникалық шарттар басқармасының бастығы Гульнар Батжановна Исабекованың атаулы стипендиясы РЭТк-19-3 тобының, 6В06201 «Радиотехника, электроника және телекоммуникациялар» білім беру бағдарламасының 3-курс студенті Аружан Байғалиқызы Ерболатоваға;

10. «ҚазЭнергоөнеркәсіптікҒЗЖІ» институты АҚ бас директоры Жаймухан Максutowич Медетовтың атаулы стипендиясы ИС-20-3 тобының, 6В06102 – Ақпараттық жүйелер мамандығының 2-курс студенті Айдар Айдарович Тажиметовке;

4.1. АиСУк-19-1 тобының, «Автоматтандыру және басқару» білім беру бағдарламасының 3-курс студенті Нұраида Нұрланқызы Курмановаға **Булат Жантемирович Хисаровтың стипендиясы** бекітілді. АЭИ түлегі, АЭЖБУ профессоры, Жылу энергетикалық қондырғылар кафедрасының меңгерушісі Андрей Анатольевич Кибарин стипендияның ұйымдастырушысы болып табылады.

Кафедра хаттамасынан үзінді-көшірме қоса берілді.

Жоғарыда көрсетілген стипендияларды төлеу студенттерге стипендия төлеу күндері Бітірушілер қауымдастығы қорының қаражатынан жүргізілсін.

Атаулы стипендия 01.10.2021 жылдан бастап 2022 жылғы 31 шілдеге дейін тағайындалған болып есептелсін.

Дауыс беру нәтижелері: қолдағандар – 9, қарсы – жоқ, қалыс қалған – жоқ.

4. Жоғары оқу орнын бітіргеннен кейін мақсатты жұмысқа орналасу үшін жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар қатарынан төртінші курс студенттерінің практикадан өтуі кезінде жұмысқа орналасуға жәрдем көрсетілсін.



## 6. Әртүрлі.

6-1. Ғылым және коммерцияландыру департаментінің қызметтік жазбасы.

Осы мәселе бойынша Электр энергетика және электр техника институтының директоры Жубаныш Суйнуллаевич Абдимуратов сөз сөйлеп, Ғылым және коммерцияландыру департаментінің Инновациялық қызмет жөніндегі маманы және магистранты Айдана Сакеновна Ильясованың «Жылу энергетикасы» білім беру бағдарламасы бойынша магистратурадағы оқу ақысын төлеу мүмкіндігін алу үшін ғылым департаментінің қызметтік жазбасын оқыды. Оқудың бір жылдық құны 800 000 (сегіз жүз мың) теңгені құрайды. Болашақта келісімшарт бойынша үш жыл жұмыс істеуге қалады.

Талқылаудан кейін **ШЕШІМ** қабылданды:

«Жылу энергетикасы» білім беру бағдарламасы бойынша магистратурадағы оқуы үшін Айдана Сакеновна Ильясоваға Қамқоршылар кеңесі Бітірушілер қауымдастығының қорынан 800 000 (сегіз жүз мың) теңге төленсін.

Дауыс беру нәтижелері: қолдағандар – 9, қарсы – жоқ, қалыс қалған – жоқ.

6-2. Электр энергетика және электр техника институтының қызметтік жазбасы.

Осы мәселе бойынша Электр энергетика және электр техника институтының директоры Жубаныш Суйнуллаевич Абдимуратов сөз сөйлеп, А-101 дәрістік аудиториясына АЭИ-дің бірінші ректоры, профессор Альберт Васильевич Болотовтың есімі университеттің дамуына, өркендеуіне және электр энергетика және электр техника саласында кадрлар даярлауға қосқан зор үлесі үшін берілгені туралы айтты. Сондай-ақ фойені (А-101 аудиториясының жанында) оның ғылыми жетістіктерімен, фотосуреттерімен және т.б. рәсімдеуге жәрдем көрсетуіңізді сұраймын. Осы мақсатта материалдық көмек көрсетуді және бөлуді сұраймын.

Талқылаудан кейін **ШЕШІМ** қабылданды:

А.В. Болотовтың компанияларды басқаратын, оның қолынан диплом алған студенттерін, ізбасарларын тарту, мүмкін олар әдемі жабдықталған дәрісхана жасауға, оны рәсімдеуге көмек қолын созып қалар. Бұл әртүрлі кездесулер өткізуге болатын лекке арналған дәрісхана. Альберт Васильевич Болотов атындағы дәрісхана, осылайша оның есімін мәңгі қалдырады. Студенттер тарихты білуі керек, олар осындай тұлғалардың есімдерін мақтан тұтулары керек.

6-3. МВА таныстырылымы. Біліктілікті арттыру институтының директоры Р.К. Сатова.

Бағдарлама Үздік-менеджерлер мен орта менеджерлерді даярлауға бағытталған. Оқудан кейін түлектер компанияның табысты стратегиясын оны нарықта ілгерілету және олардың барынша танылуын қамтамасыз ету үшін тиімді үлгілей алады.

Оқытудың басты мақсаты – нарықты оның барлық функциялары бойынша нәтижелі талдауды үйрену. Әрбір түлек бизнесті дамыту үшін компанияның мінез-құлық стратегиясын жасау дағдыларын алады.



Бағдарлама кәсіби бағыттардың бірінде заманауи бизнесті басқарудың практикалық технологияларына бағытталған. Әрбір оқыту модулі бизнестегі менеджменттің белгілі бір саласына жатады.

Таныстырылым қоса беріліп, мәліметке алынды.

6-4. Таныстырылым. Ертуған Кожагулович Умбеткулов, Энергетикалық жүйелер кафедрасының меңгерушісі университет аумағында шағын полигонды немесе виртуалды қосалқы станцияны, жоғары кернеулі аллея салуды, трансформатордың жұмысын көруді ұсынды. Үлкен экранды қойып, сұр ғимараттар жай ғана тұрмағанын көрсету керек.

Ақпарат мәліметке алынды.

Қамқоршылар кеңесінің төрағасы Аскар Кежекович өзінің қорытынды сөзінде жоғары кәсіби мамандарды даярлауда, жоғары оқу орнының өндіріспен байланысын нығайтуда жан-жақты қолдау көрсеткендері және жемісті ынтымақтастықтары үшін Кеңес мүшелеріне алғысын білдірді.

Қамқоршылар кеңесінің төрағасы



А. Искаков

Қамқоршылар кеңесінің  
жауапты хатшысы



Г. Смагулова